

APPROVED
BY THE CQA
SHE MES RK

ISSN (ONLINE) 2959-5967



BASTAUYSH BILIM

№2(2), 2026



БАСТАУЫШ БІЛІМ

BASTAUYSH BILIM

ISSN (online) 2959–5967

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university

BASTAUYSH BILIM

№2 (2)

Алматы, 2026

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Bastauysh bilim №2 (2), 2026 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2026 ж. бастап шығады

Бас редактор:

п.ғ.д., проф. А.Е.Жұмабаева

Бас редактордың орынбасары:

п.ғ.к., қауымд.профессор

А.Д. Кариев

Редакция алқасы:

п.ғ.д., проф. А.С. Амирова;

п.ғ.д., проф. А.Х. Аренова;

РФ п.ғ.д., проф.

Р.Ж. Аубакирова;

PhD, қауымд.профессор L. Aleksieva

(Болгария);

PhD, қауымд.профессор

G. Sturpriené (Литва);

PhD, проф. S. Blagdanic (Сербия);

п.ғ.к., доцент О.В. Крежевских

(Ресей);

PhD, аға оқыт.

Л.Н. Гаджимурадова (Әзербайжан);

п.ғ.м., оқытушы

А. Ауезхан (техникалық хатшы).

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2026

Жарияланым уақыты 25.06.2026.

Пішімі 60x84 ¹/₈. Көлемі 8 е.б.т.

Тапсырыс 761.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е
C o n t e n t

БАСТАУЫШ МЕКТЕП МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ
PROBLEMS OF PRIMARY SCHOOL

- Омарова Г.Ж.,Сартаева Н.Т.,Абдықадыров А.О.**
Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру..... 5
- Омарова Г.Ж.,Сартаева Н.Т.,Абдықадыров А.О.**
Формирование информационной культуры у учащихся начальных классов
- Omarova G.Zh., Sartaeva N.T., Abdykadyrov A.O.**
Developing information culture in primary school students
- Өзлем Баш**
Цифрлық сауаттылық пен киберқауіпсіздік: бастауыш білім беру контексіндегі эмпирикалық зерттеу..... 18
- Өзлем Баш**
Цифровая грамотность и кибербезопасность: эмпирическое исследование в контексте начального образования
- Özlem Bas**
Digital literacy and cybersecurity: an empirical study in the context of primary education
- Хесус Гарсия Лаборда**
Кейс-әдіс: болашақ бастауыш педагогтерінің кәсіпкерлік құзыреттіліктерін дамыту құралы ретінде..... 28
- Хесус Гарсия Лаборда**
Кейс-метод: как средство развития предпринимательских компетенций у будущих учителей начальных классов
- Jesus Garcia Laborda**
Case method as a tool for developing entrepreneurial competencies in future primary school teachers
- Тамабаева М.К., Абильдина С.К.**
Инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық қызметке даярлаудағы халықаралық тәжірибе..... 36
- Тамабаева М.К., Абильдина С.К.**
Международный опыт подготовки учителей начальных классов к инновационной деятельности в инклюзивной среде

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Bastauysh bilim №2 (2), 2026 ж.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2026 года.

Главный редактор:
Жумабаева А.Е. *д.п.н., профессор*

Зам. главного редактора:
Кариев А.Д. *к.п.н., ассоц. проф.*

Редакционная коллегия:
Амирова А.С. *д.п.н., профессор;*
Аренова А.Х. *д.п.н., профессор;*
Аубакирова Р.Ж. *д.п.н. РФ,*
профессор;

Aleksieva L. *PhD, ассоц. проф.*
(Болгария);

Stupurienė G. *PhD, ассоц. проф.*
(Литва);

Blagdanic S. *PhD, профессор*
(Сербия);

Крежевских О. В. *к.п.н., доцент*
(Россия);

Гаджимурадова Л. Н. *PhD,*
старший преподаватель
(Азербайджан)

Ауезхан А. м. п. н., преподаватель
(тех. секретарь)

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2026

Публикация 25.06.2026.
Формат 60x84¹/₈. Объем 8 уч.-изд.л.
Заказ 761.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.
КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Tamabayeva M.K., Abildina S.K.

International experience in preparing primary school teachers for innovative activities in an inclusive environment

Ыбыраимжанов К. Т., Таурбекова А. С., Кыстаубаева Б. К.

Шығармашылық өсудің стимулы ретіндегі ғылыми-зерттеу қызметтері: бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық құзыреттілігін дамыту туралы көзқарастары.....

48

Ыбыраимжанов К. Т., Таурбекова А. С., Кыстаубаева Б. К.

Исследовательская деятельность как стимул творческого роста: взгляды учителей начальных классов на развитие творческой компетентности

Ybyraimzhanov K.T., Taurbekova A.S., Kystaubaeva B.K.

Research activity as a stimulus for creative growth: primary school teachers' views on the development of creative competence

Біздің авторлар..... 63

Наши авторы..... 64

Our authors..... 65

**Abai Kazakh National
Pedagogical University**

Bastauysh bilim №2 (2), 2026.

Periodicity – 4 numbers in a year
Publishing from 2026.

Editor-in-Chief

d.ped.s., professor **Zhumabayeva A.E.**

Deputy Editor-in-Chief:

c.ped.s., assoc. professor **Kariyev A.D.**

Editorial board:

d.ped.s., professor **Amirova A.S.**

d.ped.s., professor **Arenova A.Kh.**

d.ped.s. (Russia), professor

Aubakirova R.Zh.

PhD, assoc. professor **Aleksieva L.**

(Bulgaria)

PhD, assoc. professor **Stupurienė G.**

(Lithuania)

PhD, professor **Blagdanic S.** (Serbia)

c.ped.s., assoc. professor

Krezhevskikh O.V. (Russia)

PhD, senior lecturer

Gadjimuradova L.N. (Azerbaijan)

m.ped.s., lecturer **Auyezkhan A.**

(technical secretary)

© Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2026

Publication 25.06.2026.

Format 60x84 ¹/₈.

Volume – 8 publ. literature.

Order 761.

050010, Almaty, Dostyk ave., 13
Abai Kazakh National Pedagogical
University
Publishing house «Ulagat»

**БАСТАУЫШ МЕКТЕП МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ
PROBLEMS OF PRIMARY SCHOOL**

FTAMP 14.25.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.2.2.002>

ОМАРОВА Г.Ж.^{1}, САРТАЕВА Н.Т.¹, АБДЫҚАДЫРОВ А.О.¹*

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: gulnar-aidos@mail.ru

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа

Мақала бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселесіне арналған. Зерттеу мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселесін теориялық негіздеу, оңтайлы құралдарды айқындап, оның тиімділігін эксперименттік деректермен дәлелдеу. Ол үшін «ақпараттық мәдениет» ұғымына берілген түсініктер қарастырылған. Ақпараттық мәдениеттің компоненттері белгіленіп, бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жолдары айқындалған. Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениеті қалыптасуының компоненттері, көрсеткіштері және қолданылатын диагностикалық әдістемелер ұсынылған. Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениеті қалыптасуының деңгейлері белгіленіп, оларға сипаттама берілген. Электронды білім беру ресурстары мен оларды оқу үдерісінде қолдану жолдары көрсетіліп, оның бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастырудағы тиімділігі эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы дәлелденген. Зерттеу нәтижелерінің халықаралық зерттеулермен сәйкестігі талданған.

Кілт сөздер: мәдениет, құндылық, ақпарат, оқушы, технология, электронды ресурс.

ОМАРОВА Г.Ж.^{1}, САРТАЕВА Н.Т.¹, АБДЫҚАДЫРОВ А.О.¹*

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г.Алматы, Казахстан
e-mail: gulnar-aidos@mail.ru

**ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ У УЧАЩИХСЯ
НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ**

Аннотация

Статья посвящена проблеме формирования информационной культуры у учащихся начальных классов. Цель исследования: теоретически обосновать проблему формирования информационной культуры у учащихся начальной школы, выявить оптимальные инструменты для подтверждения их эффективности экспериментальными данными. С этой целью в статье рассмотрена сущность понятия «информационная культура». Выделены компоненты, определены пути формирования информационной культуры у учащихся начальных классов. Представлены используемые методы, компоненты и показатели формирования информационной культуры учащихся начальной школы. Выделены и

описаны уровни формирования информационной культуры учащихся начальной школы. Представлены электронные образовательные ресурсы и способы их использования в процессе обучения, а также экспериментально-практическим путем доказана их эффективность в формировании информационной культуры у учащихся начальной школы. Результаты исследования были сопоставлены с выводами международных исследований.

Ключевые слова: культура, ценность, информация, ученик, технология, электронный ресурс.

OMAROVA G.Zh.^{1*}, SARTAeva N.T.¹, ABDYKADYROV A.O.¹

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

**e-mail: gulnar-aidos@mail.ru*

DEVELOPING INFORMATION CULTURE IN PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Abstract

This article addresses the problem of developing information culture among primary school students. The aim of the research is to provide theoretical foundation for the issue of fostering information culture in primary school students and to identify optimal tools, supported by experimental data to confirm their effectiveness. To this end, the article examines the essence of the concepts of "information culture". The components of information culture are identified, and the pathways for cultivating it in primary school students were determined. The research methods for the development of information culture in primary school students, their components and indicators were presented in the article. The levels of information culture development in primary school students were identified and described. Electronic educational resources and their usage methods during the learning process were presented, and their effectiveness in developing the information culture in primary school students is proven through experimental and practical methods. The research findings were compared with the results reported in international studies.

Key words: culture, value, information, student, technology, electronic resource.

Кіріспе. Қазіргі кезде қоғамда өзгерістер жылдам орын алуда және оның барлығы дерлік ақпараттар легінің қарқынды молаюымен жүзеге асуда. Әрбір сала жаналыққа ашықтық тұрғысынан кез келген тың ақпаратты қабылдау, қажет тұстарын сақтау, өз саласына қарай өңдеу және көпшілікке тарату әрекеттерін жасау үстінде. Осы тұста ақпараттар қорымен жұмыс жасаудағы сауаттылық, құзыреттілікпен қатар ақпараттық мәдениетті игерудің де қажеттілігі туындайтыны анық.

Қазақстан Республикасының жаңа ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы ақпараттық саясатты ұтымды ұйымдастырумен, жаңа үрдістер мен тәжірибелерді өмірге батыл енгізумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда елімізде ақпараттық қоғамды қалыптастыру және дамыту жолдары нормативтік-құқықтық тұрғыда белгіленген.

«Білім туралы» Заңның 11-бабында «Білім беру жүйесінің міндеттері оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» [1], «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» бастауыш білім берудің мақсаты – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу дағдысы негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау» деп көрсетілген [2]. Демек білім беру саласы ақпараттық қоғамға лайық тұлғаны тәрбиелеуге ұмтылады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасындағы «3.4. Адами капиталды дамыту» бөлімінде былай деп көрсетілген: «Цифрлық экономика халықта оның жемістерін пайдалануға мүмкіндік беретін цифрлық дағдылардың болуын талап етеді. Бұл ретте, қазіргі кезде халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылығының деңгейі 76,2 %-ды құрайды және алдағы жылдарда оның өсуі қажет [3]. Аталған бағдарлама ел басшысының соңғы Жолдауымен нақтына түсті.

Президентіміз Қ.К. Тоқаев 2025 жылғы Жолдауында: «Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет», - деген болатын [4]. Мұның өзі ақпараттық құзыреттіліктің мәдениеттің болуына әкеп саяды.

Ендеше «ақпараттық мәдениет» түсінігінің мән-мағынасын ашу мақсатында бұл ұғымның қолданысқа ену тарихына шолу жасаймыз.

Л.С. Выготский теориялары XIX-XX ғасырлардағы шетелдегі гносеология тенденцияларына ықпал етті. Осы жылдары Еуропа мен Американың көптеген ғалымдары философиялық неопозитивизмнің шеңберінде мәдени коммуникация тұжырымдамаларын әзірлеп шығарды. Ч. Пирс «семиозис» ұғымын ендіреді, ол белгілердің туу үдерісі, басқаша айтқанда ақпарат үшін өз таңбалары мен белгілерін жасау, олардың көмегімен ақпарат тарату және арнайы кодтау әрекеті [5]. Осылайша қоғамда «ақпараттық мәдениет» түсінігінің бастамасы пайда бола бастады деуге болады.

Содан кейін механикалық құрылғыларды автоматты басқару жүйелерін құру үдерісі бастау алды. 1834 жылы Ч. Бэббидж алғаш болып электронды есептеуіш машиналарды (ЭЕМ) ойлап тапты, 1843 жылы А. Лавлейс әлемдегі алғашқы компьютерлік бағдарлама болып саналатын есептеуіш әрекеттерді орындау алгоритмін құрды [5]. Осыдан бастап технология жылдам дами бастады. Автоматтандыру, технологияландыру қоғамның көзқарасына, қарым-қатынасқа, даму барысына зор ықпал етті.

XIX ғасырдың соңында тауар айналымына, өндіріс орындарының еңбек ету барысында ақпарат тереңдеп ене бастады, бұл кәсіптің кеңеюіне, байланысқа оң ықпал еткенімен де, ақпарат легі арта келіп, оны басқарудың қажеттілігіне әкеліп тіреді.

XX ғасырда ақпаратты басқару өнері болып саналатын кибернетика ғылымы пайда болды, оның аясында ақпаратты іздеу, алу, өңдеу, сақтау, тарату сияқты әрекеттердің жүру заңдылығын сипаттайтын ғылыми еңбектер әзірленді. Мәдени мұраларды тасымалдау, тарату мен осы әрекетті жылдамдата түсетін техникалық құралдардың өзара байланысы «ақпараттық мәдениет» ұғымының тууына себепші болды.

Сонымен жоғарыда аталған кезеңдерді бастан өткере келе ақпараттық мәдениет қоғам сұранысына сай туындады және өзекті бола түсті деуге болады. Себебі ақпарат өмір сүру ортасындағы кез келген саладан көрініс табады, оны сауатты қолдану арқылы нәтижеге оңай қол жеткізуге және даму сатыларына қарымды қадам жасау мүмкіндігі мол. Алайда ақпараттық мәдениет ұғымы бастапқыда тек тар мағынада қолданылды. И.Г. Хангельдиева рухани құндылықтарды ақпараттық іс-әрекеттің эмоционалды-еріктік үдерістерін анықтайтын тұлғалық сапаға теңестіреді [6, 243 б.]. Бұл тұлғаның ақпараттық мәдениетінің мотивациялық-құндылық құрылымдарының барын сипаттайды.

Түрлі дереккөздердегі «ақпараттық мәдениет» ұғымына берілген анықтама-түсініктер төмендегіше:

- қоғамда ақпарат алмасуға байланысты қалыптасқан мінез-құлық стереотипі, нормалар мен ережелер жиынтығы (бүгінгі күні ғылымда қолданыстан шықты); оны ақпарат шеңберінде шоғырландыру, өңдеу және тарату көзқарасы тұрғысынан мәдениетті сипаттайтын түсінік [7];

- білім, дағдылар мен ережелер, ақпараттық қызмет саласында жасалған және ақпарат пайдаланушыға ақпарат әлемін еркін меңгеріп, өзіне қажетті деректерді (құжаттарды) тұрған жеріне қарамай тауып, пайдалануға мүмкіндік беретін жалпы мәдениеттің бір бөлігі [8].

Сонымен, «ақпараттық мәдениет» ұғымының ғылыми еңбектерде қарастырылуына талдау жасай отырып, оның көпқырлы феномен екенін анықтаймыз. Ғалымдар оны ақпараттық қызмет саласындағы құндылықтық бағдарлары арқылы түсіндірсе, енді бір тобы оны ақпаратпен жұмыс жасау үшін қажетті құзыреттілік ретінде сипаттайды. Бұл көзқарастар бірін-бірі толықтырып, ақпараттық мәдениеттің құрылымын сипаттайды. Берілген анықтамаларды жинақтай келе, *тұлғаның ақпараттық мәдениеті – ақпараттық кеңістіктің құндылықтарын жеке дара меңгеру шегі мен ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу және тарату барысындағы іс-әрекетте қауіпсіздік, жауапкершілік және әлеуметтік қолжетімділікті бақылауға алу арасындағы кіріктірілген сапа* деген қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ ғылыми зерттеулер талдауы ақпараттық мәдениеттің практикалық бағытын қарастыру, бастауыш сынып оқушылары үшін маңызын тәжірибеде дәлелдеу сыни зерттеулердің қажет екендігін көрсетеді.

Жалпы алғанда бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігін келесідей себептерден байқай аламыз:

- цифрлық ортада құрылып, түсіну мен қолдануды талап ететін ақпараттардың легі күшейген әлеуметтік кеңістігін кеңейтіп, өзара әрекеттестік рөлін арттыратын ақпараттандырудың қазіргі қоғамға әсері;

- бастауыш сынып оқушыларының когнитивті даму үшін аса сензитивтілігінен, ақпаратты жалпылау, абстрактілеу бойынша оқу жұмыстарындағы өзбетінділігінен, ақпараттық-білім беру ортасындағы әлеуметтік байланыстарды орнатуға деген ішкі мотивациясының дамуынан байқалатын психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері;

- бастауыш мектептің оқу үдерісінде оқып-зерттелетін құндылыстар мен үдерістерді бейнелеп көрсететін электронды құралдар, қарым-қатынасты орнату мен бақылау, тексеру бағаларын көре алатын электронды құралдардың қолданысын ерекше талап ету.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру аса қажет іс, бұл тұрғыда теориялық еңбектер де баршылық, алайда қазақ тілінде осы тақырыпта жүргізілген, эксперименттік тұрғыда дәлелденген ақпарат жоқтың қасы. Сол себептен біз өз зерттеуімізді эксперименттік материалдармен нақтылап, құндылығын арттыра түсуді жөн көрдік.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу мәселесін қарастыруда теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды. Теориялық әдіс арқылы ақпараттық мәдениеттің пайда болуы мен оған байланысты үдерістер сипатталып, талдау, жинақтау, жалпылау жасалса, эмпирикалық әдіс арқылы бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасу бағытындағы тәжірибе жұмысы жүзеге асырылды.

Тақырыптың теориялық қарастырылуын толықтыру мақсатында бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін арттыру жолдарын қарастырамыз, олар төмендегіше жіктеледі:

1. Оқу әрекеті. Бастауыш мектеп жасындағы басты жетекші әрекет оқу әрекеті болып саналады, себебі осы үдеріс барысында оқушыларда ең негізгі білім баспалдағы қалыптасып, ақпарат, онымен жұмыс жасау іргетасы қаланады;

2. Мұғалім мен сыныптастарымен өзара әрекеттестік. Оқушы үшін мұғалім тұлғалық болмысын қалыптастырудың үздік үлгісі болса, сыныптастары ақпараттық дағдыларын қалыптастыратын тиімді орта құрушылар болып табылады;

3. Ақпараттық ресурстар. Ақпарат көздерінің қолжетімділігі мен әртүрлілігі (оқулықтар, сөздіктер, энциклопедия, ғаламтор) оқушыларға ақпаратпен және оны оқу барысында қолдану жолдарымен таныстырады.

Жалпы педагогикалық зерттеулерде бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасуын сипаттайтын негізгі белгілер аталған. Олар 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1: Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасу белгілері

1-суретте көрсетілген белгілерге қысқаша сипаттама:

- мотивация және еріктілік: оқушы ақпарат іздеуге қызығушылық танытып, онымен өз бастамашылдығымен айналысуға тырысу керек;
- ақпаратпен жұмыс жасау дағдылары: ақпараттың ең басты тұсын тауып, белгілеп, қысқаша мазмұндай алу, өз ісін баяндама немесе сызба түрінде ұсына алу;
- танымдық өзбетінділік: тапсырманы шешу үшін түрлі ақпарат көзіне өз бетінше қатынас жасау қабілетінің дамуы;
- ақпарат сапасын бақылау: алған ақпараттың қолжетімділігі мен маңыздылығына баға беру;
- технологиялық қолдау: оқу үдерісінде технологиялық құралдар мен ақпаратты ұсынудың қазіргі тәсілдемелерін қолдану.

Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасуы оның құрылымдық компоненттерін анықтау мен соған сәйкес диагностикалық әдістемелерді белгілеуден тұрады. Компоненттер, олардың сипаттамалары, көрсеткіштері мен диагностикалық әдістемелері кестеде көрсетілген (кесте 1).

Кесте 1. Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасуының критерийлері мен көрсеткіштері және қолданылатын әдістемелер

Критерийлер	Сипаттамасы	Көрсеткіштер	Қолданылатын әдістемелер
Мотивациялық-құндылықтық	Жетекші оқу әрекетімен бірге жүзеге асырылатын әрекет ретінде ақпараттық әрекетке деген субъектіті қатынастың кеңдігі	Ақпаратпен жұмыс жасауға танымдық және әлеуметтік мотивтердің бағытталуы	М.В.Матюхинаның оқу мотивтерін анықтау әдістемелері
		Ақпараттың құндылық мәнін бағалау	Бақылау, әңгімелесу
Когнитивті	Қабылдаған ақпаратты түсіну (мәнін түсіну, мәдени	Ақпарат түрлерін ажырата алу	Бақылау, әңгімелесу

	қолданысын (кодын) анықтау)	Ақпаратты ұсыну формаларын өзгертуге, оны іздеу, сақтау, өңдеу және таратудың тиімді формаларын таңдауды жүзеге асыруға қабілеттілік	«Пиктограмма» әдістемесі
Комммуникативтік-іс-әрекеттік	Балалармен және ересектермен ақпараттық өзара әрекеттестікке дайындығы	Ақпараттарды іздеу мен қолдану үдерісіндегі бірлескен іс-әрекеттерді келісу	«Қолғапқа сурет салу» Г.А. Цукерман әдістемесі
		Ақпарат алмасуда кері байланыс орнату үшін коммуникативтік дағдылардың болуы	«Кімдікі дұрыс?» Г.А. Цукерман әдістемесі

Осылайша бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасуы мотивациялық-құндылықтық, когнитивті және коммуникативтік-іс-әрекеттік компоненттердің үйлесімді тұтастығы арқылы жүзеге асады.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері мен дағдыларының қалыптасу деңгейлері әртүрлі болады. Сондай-ақ олардың ақпараттық мәдениетінің деңгейі де түрліше болатыны анық. Сол үшін біз бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасуының келесідей деңгейлерін белгілеп алдық:

Жоғары деңгей – ақпаратпен жұмыс жасауға ішкі мотиві жоғары, ақпараттың құндылық мәнін түсінеді; ақпарат түрлерін ажырата алады, ақпаратты іздеу, жинақтау, ұсыну жолдарын біледі; ақпаратты табу мақсатындағы бірлескен әрекетке бейімделген, ақпарат алмасу дағдысы қалыптасқан.

Орта деңгей – ақпаратпен жұмыс жасауға ұмытылы бар, ақпараттың құндылық мәнін түсінуге тырысады; ақпарат түрлерін біледі, ақпаратты іздеу, жинақтау, ұсыну жолдары туралы түсінігі бар; ақпаратты табу мақсатында әрекетке жасайды, ақпарат алмасуды ішінара меңгерген.

Төмен деңгей – ақпаратпен жұмыс жасауға ұмтылмайды, ақпараттың құндылық деп санамайды; ақпарат түрлерін ажырата алмайды, ақпаратты іздеу, жинақтау, ұсыну қабілеті жеткіліксіз; ақпаратты табу мақсатындағы бірлескен әрекетке бейімделмеген, ақпарат алмасу дағдысы қалыптаспаған не енді қалыптасу үстінде.

Көрсетілген деңгейлерге сай қазіргі бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасу жағдайын анықтау және оны жақсарту мақсатындағы шаралар тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында іске асады. Ол зерттеудің келесі бөлімінде баяндалатын болады.

Нәтижелер. Біздің эксперименттік жұмысымызға Қ.А. Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназияның 3-сынып оқушылары қатысты, жалпы саны 62 оқушы. Олар эксперименттік топ және бақылау тобына теңдей бөлінді.

Эксперименттік жұмыстың бастапқы кезеңі – анықтаушы кезеңде бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатындағы 1-кестеде көрсетілгендей диагностикалық әдістемелер жүргізілді:

Мотивациялық-құндылықтық компонент бойынша М.В. Матюхинаның оқу мотивтерін анықтау әдістемесі қолданылды. Нәтижесінде оқушылардың ширек үлесі ғана танымдық мотивке ие екені анықталды. Көпшілігінде әлеуметтік мотив басым екені байқалды. Бақылау

және әңгімелесу кезінде танымдық ақпараттың маңызын қаншалықты ұғынатынын анықтауға тырыстық. Төмендегідей сұрақтарға жауаптар алынды:

- Бұл ақпарат саған не үшін маңызды?
- Бұл ақпаратты сен неге есіңе сақтап қалдың?
- Компьютерді қолданасың ба? Неге?
- Ақпаратты баспа материалдарынан іздейсің бе?
- Қоршаған орта туралы сұрақтарды туыс, дос, сыныптастарыңа қоясың ба?

Жүргізілген жұмыстардан байқағанымыз, танымдық мотивке ие оқушылар ақпараттың құндылығын жоғары түсінеді екен. Әлеуметтік мотиві басым оқушылар ақпаратты тек өздері маңызды деп санаған білім үшін ғана іздеп табуға, сақтау, өңдеу, таратуға, сол арқылы жетістікке жетуге тырысатынын анықталды. Алынған нәтижені сандық көрсеткіштерімен жиынтық кестеге түсірдік (кесте 2). Кестедегі сандық мәліметтен екі топтың да пайыздық көрсеткіштері шамалас екендігін және ол жақсартуды қажет ететіндей деңгейде екендігі байқалады.

Бақылау арқылы оқушылардың оқу үдерісінде көрнекі-бейнелі ақпаратты қабылдау, сақтау, өңдеу және тарату дағдыларына қаншалықты ие екендігі анықталды.

Әңгімелесу кезінде оқушыларға келесідей сұрақтар қойылды:

- Қандай ақпарат көздерін білесің?
- Қандай таңбаларды танысың?
- Ақпаратты таратудың қандай жолдары бар деп ойлайсың?
- Ақпаратты кодтау деген не? Оның қажеті қандай?
- Ақпараттың қауіпсіздігі не үшін қажет?
- Іс-қимылмен ақпарат жеткізуге бола ма?
- Ақпаратпен жұмыстың маңызы неде деп ойлайсың? және т.с.с.

Оқушылардың жауаптарынан ақпарат туралы жалпы түсініні болғанымен, ақпарат көздерімен жұмыстың аз жасайтынын, кодтау туралы түсініктері жеткіліксіз екенін, таңбаларды да толық танымайтынын байқалды. Іс-қимыл арқылы ақпарат жеткізуде тек дене тәрбиесі сабағы кезіндегі ағайларының қолмен тоқта, жүр, жүгін дегенді білдіретін бұйрық райлы сөздерін ғана атай алды.

«Пиктограмма» әдістемесі кезінде бастауыш сынып оқушылары ақпаратты басқаша жеткізуге біраз қиналды, олардың ақпаратты түсінуі, дүниетаным шеңбері, кең ойлана алуы, сәйкестендіре алуы сарапқа салынды. Оқушылардың басым көпшілігі осы әдістемеден өте алмады, себебі ұғымдар мен суреттерді байланыстыра алмады, есте сақтауда қиналды, сөздерді қайта-қайта қолданды, ассоциация құра алмады. Сонымен, когнитивті компонент бойынша бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейі сандық сипатта алынып, жиынтық кестеге түсірілді (кесте 2). Бұл компонент бойынша оқушылардың арасында ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейі орта және төмен деңгейдегі оқушылар үлесі басым екендігі көрінеді.

Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасуының коммуникативтік-іс-әрекеттік компоненті бойынша жүргізілген әдістемелер қатарын «Қолғапқа сурет салу» және «Кімдікі дұрыс» әдістемесі құрады. Бұл оқушылардың бірлесе әрекет етіп, ақпаратқа бірге қол жеткізу арқылы коммуникативтік қабілетін анықтауға бағытталған болады. Бұл әдіс сұрақ-жауаппен толықтырылды. Оқушылар біріге қолғапқа сурет салған соң бұл туралы жетекші сұрақтар қойылды, оқушылардың жауаптарының бірдей шығуына назар аударылды. Сонда қарым-қатынасқа түсуді қаламайтын оқушылар бар екені анықталды. Әдістемелер нәтижесі жиынтық кестеде көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2. *Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің әр компонент бойынша қалыптасу деңгейі (анықтаушы кезең бойынша)*

Мотивациялық-құндылық компонент бойынша		
Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары деңгей	30%	31%
Орта деңгей	35%	31%
Төмен деңгей	35%	38%
Когнитивті компонент бойынша		
Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары деңгей	22%	21%
Орта деңгей	30%	32%
Төмен деңгей	48%	47%
Коммуникативтік-іс-әрекеттік компонент бойынша		
Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары деңгей	18%	19%
Орта деңгей	40%	39%
Төмен деңгей	41%	41%

Кестедегі сандық деректер мотивациялық-құндылық компонент бойынша көрсеткіштің салыстырмалы түрде жоғары, ал коммуникативтік-іс-әрекеттік компонент бойынша төмен екендігі туралы мәлімет береді. Бұл оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасауға ұмтылысы бар екенін, алайда оны тәжірибеде қолдану дағдысы жеткіліксіздігін білдіреді.

Ендеше барлық компонент бойынша алынған мәліметтердің орташа пайызын шығарып ортақ кестеге түсірер болсақ, келесі кестедегідей мәліметтер көреміз (кесте 3).

Кесте 3. *Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейі (бастапқы нәтиже)*

Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары деңгей	23%	24%
Орта деңгей	35%	34%
Төмен деңгей	41%	42%

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде алынған нәтижелер бойынша екі топтың да көрсеткіші шамалас екені және ол қосымша шараларды – қалыптастырушы эксперименттік кезеңді қажет ететінін анықтаймыз. Ол тек эксперименттік топ оқушыларымен жүргізілетін болады. Ол үшін ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың, біздің ойымызша, ең тиімді құралы – электронды білім беру ресурстарын қолдану арқылы жүзеге асатын болады. Себебі электронды білім беру ресурстарының келесідей артықшылықтары бар: олар заманауи, көрнекі, тасымалдау оңай, оқушылар үшін қызықты және мол мүмкіндікке ие. Солардың бірі болып табылатын интерактивті онлайн оқу материалдары мультимедиялық мүмкіндіктерді қамтиды. Дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда олар оқушының түсінуі мен болашағын жақсартуда, сонымен қатар үздіксіз оқуды қамтамасыз етуде тиімдірек деп саналады [9].

Электрондық білім беру ресурстары (ЭБР) – электрондық форматта қолжетімді оқу материалдары болып табылады және оларды әртүрлі критерийлер бойынша жіктеуге болады. ЭБР-ның негізгі түрлеріне электронды оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен ресурстар,

практикалық нұсқаулықтар, оқулықтардың электронды нұсқалары, оқу платформалары мен жүйелері, интерактивті жаттығу бағдарламалары, электронды кітапханалар мен деректер базасы, виртуалды зертханалар, ашық білім беру курстары, подкасттар мен білім беру бейжезбалары жатады. Біз оқу үдерісінде электронды оқулықтар мен түрлі платформалардың мүмкіндігін кеңінен қолдануға тырыстық, үй тапсырмаларын орындауда да электронды құралдар көмегін пайдаландық. Яғни сабақ барысында оқу материалдарын мультимедиалық элементтермен байытылған электронды оқу құралынан ұсындық, қазіргі кездегі кең қолданыстағы интерактивті жаттығу бағдарламалары – LearningApps.org, Kahoot, Quizlet, Wordwall арқылы тапсырмалар орындаттық, үй тапсырмасын орындауда электронды кітапхана мен мұражайды қолдануды тапсырдық, тестілер мен интерактивті тапсырмаларды жүйелі қолданып отырдық, ақпаратты есте сақтауды дамыту үшін электронды интеллект-карталарды қолдандық. Сыныптан тыс іс-шара барысында ақпараттың маңызы, құндылығы, онымен жұмыс жасау жолдарын білудің пайдасы жөнінде мағлұмат беріп, оқушылардың ақпаратқа деген оң көзқарасын қалыптастыруға тырыстық. Сондай-ақ ақпарат алудың оңтайлы жолдарын көрсеттік, сол арқылы оқушылардың ақпарат көздерімен жұмыс жасауға ұмтылыстары артқанын байқадық. Тапсырмаларды реттіліктері бойынша орындау оқушыларға аса қызықты болды, себебі бірінші оқушы жұмыс бөлігін жасап аяқтамай, келесі оқушы өз тапсырмасын орындай алмайды. Бұл кезеңдегі ең ауқымды жұмыс – жоба жұмысы. Мұнда оқушыларға тақырып бойынша түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасап, оны көрнекі көрсету тапсырылды. Сондай-ақ рөлдік ойын мен жалған ақпаратты табу ойындары жиі жүргізілді.

Сонымен, эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінде жүргізілген жұмыстардан соң екі топ оқушыларымен анықтаушы кезең әдістемелері қайта жүргізілді алынған нәтижені математикалық-статистикалық түрде көрсетер болсақ, әр компонент бойынша 4-кестедегі, жалпы орташа көрсеткіші бойынша 5-кестедегідей ақпаратқа қол жеткіземіз.


Кесте 4. *Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің әр компонент бойынша қалыптасу деңгейі (бақылау кезеңі бойынша)*

Мотивациялық-құндылық компонент бойынша		
Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары деңгей	65%	34%
Орта деңгей	24%	33%
Төмен деңгей	11%	33%
Когнитивті компонент бойынша		
Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары деңгей	52%	24%
Орта деңгей	30%	33%
Төмен деңгей	18%	43%
Коммуникативтік-іс-әрекеттік компонент бойынша		
Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары деңгей	48%	20%
Орта деңгей	32%	39%
Төмен деңгей	20%	41%

Кесте 5. Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейі (қорытынды нәтиже)

Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары деңгей	55%	26%
Орта деңгей	29%	35%
Төмен деңгей	16%	39%

Электронды білім беру ресурстарын қолдану арқылы қол жеткізілген нәтижелердің нақты байқалуы үшін экспериментке қатысушы топтардың бастапқы және қорытынды нәтижелерін диаграмма түрінде 2-суретте көрсетеміз.



Сурет 2. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижесі

Қалыптастырушы эксперименттік кезеңде бастауыш сынып оқушыларымен сабақ барысында да, сыныптан тыс жұмыста да ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Кестеден көріп отырғанымыздай, зерттеу мәселесі бойынша оң нәтиже эксперименттік топ оқушыларында сандық өзгеріс анық байқалады, ал бақылау тобының пайыздық көрсеткішінде айтарлықтай өзгеріс орын алмаған. Сөзіміз дәлелді болу үшін екі топтың қалыптастырушы кезеңдегі айырмашылығын Пирсонның χ^2 (хи-квадрат) критерийі арқылы есептейміз. Бұл әдіс екі топтың арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді ме, жоқ па екенін анықтауға қолданылады.

1. Күтілетін мәндерді есептеу (E):

Формула:

$$E = (\text{жол жиыны} * \text{баған жиыны}) / \text{жалпы жиын}$$

2. Хи-квадрат мәнін есептеу:

Формула:

$$\chi^2 = \sum (O - E)^2 / E$$

O – бақылау мәні, E – күтілетін мән

$$\text{Жалпы } \chi^2 \approx 1,62 + 1,62 + 0,10 + 0,10 + 1,44 + 1,44 = 6,32$$

3. Шешім:

- Еркіндік дәрежесі (df) = (3-1)*(2-1) = 2

- 0.05 деңгейдегі критикалық мән: $\chi^2_{\text{crit}} \approx 5.991$

6,32 > 5.991, яғни айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді.

Қорытынды: қалыптастырушы кезеңде эксперименттік және бақылау топтарының ақпараттық мәдениет деңгейлері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар.

Талқылау. Эксперимент соңында алынған нәтижелер әрбір компонент бойынша эксперименттік топ оқушыларында айтарлықтай динамикалық өсудің орын алғанын көрсетеді. Әсіресе мотивациялық-құндылықтық компонент бойынша оқушылардың көрсеткіштері едәуір жақсарған: жоғары деңгейді бұрын 30%-ы байқатса, бақылау кезеңінде ол 65%-ды көрсеткен. Сәйкесінше төмен деңгейдегі оқушылар үлесі 35%-дан 11%-ға дейін азайған. Оған оқушылардың цифрлық құрылғыларға, платформаларға деген қызығушылықтарының басымдығы әсер етті деп пайымдаймыз. Себебі оқушылардың барлығы дерлік сабақтағы электронды ресурстармен орындалатын жұмыстарға, сондай-ақ сыныптан тыс шараларға жоғары белсенділікпен қатысқан. Үй тапсырмасын орындаудың өзіне оқушылардың ерекше ұмтылыстары оянғандығы олардың ертеңгі баяндауларынан байқалды. Когнитивтік компонент бойынша жоғары деңгей 30%, төмен деңгей 48% болса, бақылау кезеңінде ол көрсеткіш 52% және 18%-ға өзгерді. Бұл компонент бойынша оң өзгерістердің орын алуына оқу материалдарының цифрлық сүйемелденуі, интерактивті платформалармен орындалған тапсырмалар мен мультимедиалық таныстырылымдар әсер етті. Себебі оқушылар түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасап, оның түрлерін ажыратуды, ақпаратты іздеу, қолдану, ұсыну жолдарын меңгеруді күнделікті жүзеге асырды. Эксперимент соңында оқушылардың ақпарат түрлерімен бірлесе жұмыс жасау дағдысы бойынша жоғары деңгей 30%-ға артып, төмен деңгей 21%-ға кеміген. Біздің зерттеу нәтижелеріміз жарық көрген ғылыми зерттеулермен үндес келеді.

Chourio-Acevedo және басқалар ақпараттық сауаттылық құзыреттіліктер тобын қамтитын ХХІ ғасырдың қолданбалы дағдылары ретінде қарастыра отырып, ақпаратты іздеу, сыни бағалау, түсіну және тарату дағдыларын кез келген қоғам мүшесі меңгеруі тиіс екендігін және оның бастауыш мектеп жас кезеңінен бастап қалыптасуы тиістігін жазады. Сондай-ақ оның тиімді құралы ретінде онлайн-ресурстардың маңыздылығын атап өткен [10]. Осы тұрғыдан бұл зерттеу біздің ізденістік тақырыбымызбен тығыз байланысты. Электронды білім беру ресурстарының жүйелі, дұрыс қолданылу бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды мүмкін ететіні туралы тұжырым жасаймыз.

Mogeno-Morilla бастаған авторлар зерттеуінде бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық және цифрлық сауаттылығы ақпараттық орта мен ақпараттық тәжірибе алмасуда тиімді жүзеге асатыны жазылған [11]. Біздің зерттеуіміздегі ақпаратпен жұмыс жасау дағдысындағы өсу динамикасы да осыны көрсетеді.

Осылайша зерттеу нәтижелеріміз халықаралық зерттеу қорытындыларымен үндесіп, сәйкестік табады. Дұрыс ұйымдастырылып қолданылған заманауи білім беру ресурстары арқылы оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру тиімді жүзеге асады.

Қорытынды. Сонымен, біз зерттеу барысында ақпарат және мәдениет ұғымдарына түсініктерді қарастыра келіп, бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың маңызын, белгілерін, жолдарын, компоненттері мен көрсеткіштерін және ақпараттық мәдениеттің қалыптасу деңгейлерін қарастырдық. Анықтаушы, қалыптастырушы және башқылау кезеңдерінен тұратын эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар жүргіздік. Электронды білім беру ресурстарын оқу үдерісінде, үй тапсырмасын беруде, сондай-ақ сыныптан тыс жұмыс түрлерінде де кіріктіре дұрыс ұсыну арқылы электронды білім беру ресурстарының тиімділігін дәлелдей алдық. Алайда тақырып аса күрделі, ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың өзге де түрлі жолдары бар, оларды дұрыс қолданудың психологиялық-педагогикалық, технологиялық ерекшеліктерін айқындау қажет, сондықтан алдағы уақытта бұл зерттеу мәселесі кең арналы зерттеумен өз жалғасын табуы тиіс деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (Редакция 01.01.2016 жылы берілген өзгертулер мен толықтырулармен) IS. – 22.04.2016. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (қол жеткізген күні: 10.12.2025)
- 2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (қол жеткізген күні: 8.12.2025)
- 3 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> (қол жеткізген күні: 6.12.2025)
- 4 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2025 жылғы 5 қыркүйек. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrylk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957#> (қол жеткізген күні: 8.012.2025)
- 5 Калининко, Д.Ю. (2021). Электронные образовательные ресурсы как средство формирования информационной культуры младших школьников. Дисс.канд.пед.наук. – М.,183 с. URL: file:///C:/Users/user/Desktop/Elektronnye-obrazovatelnye-resursy-kak-sredstvo-formirovaniya-informatsionnoj-kultury-mladshih-shkolnikov_Kalinchenko-Dmitrij-YUrevich.pdf (қол жеткізген күні: 6.12.2025)
- 6 Оганов, А.А., Хангельдиева, И.Г. (2016). Теория культуры. – СПб: Лань. Планета музыки, 560 с. URL: <https://www.labirint.ru/books/545185/> (қол жеткізген күні: 6.12.2025)
- 7 Бекова, С.М. (2011). Ақпараттық мәдениет негіздері: оқу құралы / С.М. Бекова, Р.И. Якупова, Р.Н. Тастанбекова. – А.: Бастау, 232 б. URL: http://lib.ukgu.kz/olketanu/books/library/Ақпараттық_мадениет_негиздері.pdf (қол жеткізген күні: 6.12.2025)
- 8 Библиотечная энциклопедия/ Рос. Гос. б-ка. - Изд-во РГБ «Пашков дом», 2007.-1300 с.: ил.
- 9 Uzunboyly et al. Teacher (2025). Training for Interactive Learning Tools and Determining Their Attitudes. / Zh.Belassarova, M. Yermekbayev, N.Shadiyeva, Zh.Zhamasheva, E.Uaidullakyzy, S. Nurgali. RED. Revista de Educación a Distancia. Núm. 81, Vol. 25. Artíc. 3, 8-enero-2025. DOI: <http://dx.doi.org/10.6018/red.616831>
- 10 Chourio-Acevedo L., Köhler J., Coscarelli C., Gacitúa D., Proaño-Ríos V., González-Ibáñez R. (2024) Information literacy development and assessment at school level: a systematic review of the literature. //Learning, Culture and Social Interaction. 2404.19020. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2404.19020>
- 11 Moreno-Morilla C., Guzmán-Simón F., García-Jiménez E. (2021) Digital and information literacy inside and outside Spanish primary education schools. //Learning, Culture and Social Interaction, Volume 28, 00455, <https://doi.org/10.1016/j.lcsi.2020.100455>

References

1. Bilim turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2007zhylgy 27 shildedegi № 319-III Zany (Redakcija 01.01.2016 zhyly berilgen ozgertuler men tolyqtyrularmen) IS. – 22.04.2016. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (qol jetkizgen küni: 10.12.2025)

2. Qazaqstan Respublikasy zhalpy orta bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarty. Zhalpy bastauysh bilim. – A., 2018. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669> (qol jetkizgen küni: 8.12.2025)
3. «Cifrlıq Qazaqstan» memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly. Qazaqstan Respublikasy Ykimetinin 2017 zhylgy 12 zheltoqsandagy №827 qaulysy. (Pajdalanylğan merzimi: 20.07.2018) URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> (qol jetkizgen küni: 6.12.2025)
4. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqayevtyñ «Zhasandy intellekt dauirindegi Qazaqstan: ozekti maseleler zhane ony tybegejli cifrlıq ozgerister arqyly sheshu» atty Qazaqstan halqyna Zholdauy. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokayevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlıq-ozgerister-arkyly-sheshu-881957#> (qol jetkizgen küni: 8.12.2025)
5. Kalinchenko, D.Ju. (2021). Jelektronnye obrazovatel'nye resursy kak sredstvo formirovaniya informacionnoj kul'tury mladshih shkol'nikov. Diss.kand.ped.nauk. – M., 183 s. URL: file:///C:/Users/user/Desktop/Elektronnye-obrazovatel'nye-resursy-kak-sredstvo-formirovaniya-informatsionnoj-kul'tury-mladshih-shkol'nikov_Kalinchenko-Dmitrij-YUrevich.pdf (qol jetkizgen küni: 6.12.2025)
6. Oganov, A.A., Hangel'dieva I.G. (2016). Teorija kul'tury. – SPb: Lan'. Planeta muzyki, 560 s. URL: <https://www.labyrinth.ru/books/545185/> (qol jetkizgen küni: 6.12.2025)
7. Bekova, S.M. (2011). Aqparattyq madeniet negizderi: oqu quraly / S.M. Bekova, R.I. Jakupova, R.N. Tastanbekova. – A.: Bastau, 232 b. URL: http://lib.ukgu.kz/olketanu/books/library/Akparattyq_madeniet_negizderi.pdf (qol jetkizgen küni: 6.12.2025)
8. Bibliotechnaja jenciklopedija/ Ros. Gos. b-ka. - Izd-vo RGB «Pashkov dom», 2007.-1300 s.: il.
9. Uzunboylu et al. Teacher (2025). Training for Interactive Learning Tools and Determining Their Attitudes. / Zh.Belassarova, M. Yermekbayev, N.Shadiyeva, Zh.Zhamasheva, E.Uaidullakyzy, S. Nurgali. RED. Revista de Educación a Distancia. Núm. 81, Vol. 25. Artíc. 3, 8-enero-2025. DOI: <http://dx.doi.org/10.6018/red.616831>
3. *Mentorship and reflective practice.* Faculty should act as mentors, providing guidance, feedback, and structured reflection. Reflective journals, peer evaluation, and guided discussions support students’ self-analysis, professional growth, and adaptability in real-world contexts (Kolb, 2014; Kuratko, 2016).

4. *Multidisciplinary integration.* Combining pedagogical, linguistic, and entrepreneurial knowledge creates a holistic learning environment. Students can apply theoretical knowledge through practical projects such as organizing mini-courses, fundraising initiatives, or eco-entrepreneurship programs, developing transferable skills applicable to multiple educational contexts (OECD, 2020; Sánchez et al., 2020).

5. *Institutional support and scaling.* Successful implementation requires institutional support and collaboration between universities, educational centers, and schools. Digital platforms for case

sharing, collaborative project development, and peer review help scale initiatives and ensure sustainability (Bakayev & Tuleuova, 2021).

6. *Assessment and long-term evaluation.* Assessment should combine qualitative and practical methods, including observation, project evaluation, reflective journals, and mentor feedback. Longitudinal tracking is recommended to evaluate the sustained impact of entrepreneurial training on teachers' professional performance (Leffler & Falk-Lundqvist, 2022; Lackéus, 2020).

7. *Cultivation of professional identity.* Engaging students in entrepreneurial-oriented projects fosters a professional identity that combines teaching expertise with creativity, initiative, and leadership. This prepares graduates to be proactive change agents within schools and communities (Bekbauov, 2021).

Materials and methods. This study adopted a mixed methods design, qualitative and quantitative approaches in order to evaluate the effectiveness of the case based Smart Coach business model in developing business-innovative skills among future primary educators. The research was conducted at Kazakh National Pedagogical University named after Abai with 60 bachelor students majoring in Pedagogy and Psychology over one academic semester (15 weeks). The sample was divided into two groups:

Experimental group (n=30) learners trained at "Smart Coach" business-innovative club;

Control group (n=30) learners received traditional lecture-based instructions.

Faculty teachers and facilitators worked during the whole program (n=5). Participants were informed consent prior to participation. University's research ethics committee granted ethical approval.

Smart Coach business-innovative club guided instruction on 4 interconnected notions: innovation, collaboration, motivation and reflection. The educational club functioned as a practical environment which integrated business-oriented programmes and case-based simulations. In order to simulate authentic educational challenges pedagogical cases were worked by instructors: organizing extracurricular initiatives (for instance: meet-ups with real entrepreneurs), creating program of mini Edtech platforms, implementing pedagogical products for primary school learners.

The procedure based on 12 structures case-sessions, complemented by mentorship meetings, reflective journaling and peer evaluation. Club served as a business laboratory which enables participants to acquire theoretical knowledge with practical problem-solving through workshops, pitch performances and project simulations. To ensure methodological triangulation data were collected using both qualitative and quantitative tools:

1. Self-assessment questionnaires (pre and post intervention) which measured leadership, creativity, initiative and collaboration using a 5 point Likert Scale.

2. Innovation and creativity indicators were evaluated through a modified Torrance Test of Creative Thinking which was adapted for educational contexts.

3. Mentor evaluation rubrics assessed project implementing quality, teamwork and problem solving.

4. Reflective journals provided effective insights into learners' entrepreneurial growth, self perception and motivation.

Data Analysis. Quantitative data (pre- and post-test scores between experimental and control groups) were analyzed using descriptive statistics and independent-sample *t*-tests to determine the significance of observed differences in leadership, initiative, and creativity.

Qualitative data from journals, mentor feedback, and observations were analyzed thematically to identify recurrent patterns related to motivation, collaboration, professional identity, and entrepreneurial mindset formation.

Ethical Considerations. Participation in the study was voluntary. Students and younger participants provided informed consent. Confidentiality was maintained throughout, and ethical approval for the research was obtained from the university's ethics committee.

Results and discussion. The quantitative analysis demonstrated statistically significant improvements in the experimental group across all measured domains. Students' self-assessment scores in **initiative and leadership** increased by 35%, while **creativity scores** (based on the Torrance indicators) rose by 28% after the Smart Coach intervention. In contrast, the control group, trained through traditional lectures, showed only marginal improvements (7% and 6%, respectively).

Table 1. *Changes in key competency indicators after the “Smart Coach” intervention.*

Competency domain	Experimental group (%)	Control group (%)
Initiative and leadership	35%	7%
Creativity and innovation	28%	6%
Collaboration	30%	8%
Reflective thinking	32%	10%

A t-test revealed a significant difference ($p < .05$) between the experimental and control groups across all variables. This confirms that the **Smart Coach model** more effectively develops entrepreneurial and reflective competencies compared to traditional instruction. Thematic analysis of reflective journals revealed four dominant patterns:

1. **Increased initiative and confidence** – students expressed readiness to design independent classroom projects (“I feel more confident suggesting new ideas in class”).
2. **Enhanced collaboration** – teamwork experiences improved communication and conflict-resolution abilities.
3. **Professional identity transformation** – participants began identifying as *teacher-innovators*.
4. **Reflective growth** – continuous feedback cycles encouraged metacognitive awareness and self-improvement.

These themes highlight that Smart Coach approach fostered not only skill development but also deeper professional self-awareness and motivation.

Practical outcomes of Smart Coach implementation. The integration of entrepreneurial-oriented case studies at Smart Coach facilitated development across multiple dimensions of professional competence. Students participated in realistic classroom simulations, project planning, and mini-entrepreneurial initiatives, which enabled them to experience teaching challenges and problem-solving in a controlled yet authentic environment. Quantitative results demonstrated significant growth in creativity, initiative, and leadership compared to traditional lecture-based learning.

Table 2. *Examples of case-based learning activities and observed outcomes*

Competence Area	Activity Examples	Observed Development
Entrepreneurial Thinking	Planning mini-courses, fundraising projects, eco-initiatives	Learners designed creative solutions for classrooms and school projects
Collaboration and teamwork	Workshop facilitation, peer mentoring, group problem solving	Decision making, effective communication and conflict resolution
Project Management	Coordinating tasks, timelines, and resources	Students practiced planning, implementing, and evaluating small-scale initiatives
Reflective Practice	Journals, feedback sessions, peer evaluation	Increased self-awareness, adaptation, and continuous improvement

Case 1: Organizing a Robotics Mini-Course

Students designed a robotics course for primary students, including lesson plans, materials, and project goals. The case required resource management, team collaboration, and creative problem-solving, simulating real-world challenges of school startups.

Case 2: Addressing Parental Resistance

Students developed strategies to manage resistance to innovative teaching methods. Activities included role-play, communication planning, and reflective evaluation. This strengthened leadership, conflict-resolution, and advocacy skills.

Case 3: Eco-Entrepreneurship Project

A pilot initiative encouraged students to implement an eco-friendly project, such as a school garden or recycling program. Teams coordinated logistics, engaged younger learners, and reflected on outcomes. This exercise combined creativity, planning, and community engagement.

Table 3. Observed competency development based on student feedback

Competency domain	Practical indicators	Student feedback
Motivation	Willingness to participate, initiative-taking	“I feel more confident suggesting new ideas in class and at Smart Coach”
Collaboration	Active participation, shared decision-making	“Working with peers taught me how to communicate and solve problems together.”
Professional identity	Reflection on teaching role	“I now see myself not just as a teacher, but as someone who can create and innovate.”
Entrepreneurial skills	Project planning, risk assessment, resource use	“I learned how to plan projects realistically and involve others in achieving goals.”

Comparative discussion. The practical integration of Smart Coach aligns with Kolb’s experiential learning theory (2014), which emphasizes active experimentation and reflection. International studies (OECD, 2020; Kuratko, 2016; Leffler & Falk-Lundqvist, 2022; Park & Lee, 2022) also highlight that case-based and experiential learning effectively promote creativity, leadership, and reflective competence in teacher education. Compared to traditional training, participants reported increased engagement, creativity, and readiness for practical challenges. These findings have significant implications for teacher education in Kazakhstan:

1. **Curriculum enhancement** – Integrate entrepreneurial projects and case-based tasks across pedagogy courses.
2. **Faculty development** – provide training in case facilitation methods, mentoring and coaching.
3. **Scaling and replication** – build partnerships with schools and educational organizations to implement similar practice-oriented programs.
4. **Assessment and feedback** – Use reflective journals, project reviews, and mentor evaluations to monitor professional growth.

The findings indicate that the **Smart Coach** model not only improves students’ professional readiness but also transforms their approach to problem-solving and classroom management. Participants began to perceive challenges not as barriers but as opportunities for creative action - a core component of entrepreneurial competence. These experiences fostered **resilience, flexibility, and leadership**, key attributes for navigating modern educational contexts. The Smart Coach model thus serves as a **sustainable pedagogical innovation**, integrating entrepreneurship into teacher education and preparing graduates to act as proactive leaders and innovators in their professional environments.

Conclusion. The research shows that the business-innovative club at university improves entrepreneurial skills of future primary education teachers effectively. Practical activities encouraged the development of professional identity by helping students see themselves not only as educators but also as creative professionals. Integrating entrepreneurial orientation method into teacher training equips them with skills needed to successfully implement educational projects, designing business plan of pedagogical products, work collaboratively and creatively solve professional challenges. The practical value of this approach lies in its ability to support holistic teacher development, including entrepreneurial competencies, teamwork skills, professional identity, and reflective practice. Incorporating such methods into teacher education bridges the gap between theory and practice, strengthens the connection between universities and real-world educational projects, and fosters students' confidence in their professional capabilities.

Despite the promising outcomes, the study has certain limitations. The experiences were primarily drawn from a single university club, and much of the data was qualitative. Future research should explore the application of the Smart Coach model in rural or under-resourced contexts, compare its effectiveness with other active learning strategies, and evaluate the long-term impact on graduates' professional development.

Overall, this approach provides new conditions for developing a new type of teacher capable combining pedagogical competencies with entrepreneurial thinking on their professional practice. The findings of this study open prospects for integrating entrepreneurial pedagogy into national teacher training standards in Kazakhstan. Future research could focus on developing digital case libraries, fostering international collaboration with entrepreneurial organizations, and creating adaptive online platforms for entrepreneurial competence assessment.

References

1. Abdiraiymova, G. (2019). Innovative approaches in teacher education in Kazakhstan. *Kazakhstan Journal of Pedagogy*, 4(2), 45–58.
2. Bakayev, T., & Tuleuova, A. (2021). Entrepreneurial competencies in higher education. *Central Asian Educational Review*, 5(1), 33–49.
3. Bacigalupo, M., Kamylyis, P., Punie, Y., & Van den Brande, L. (2016). *EntreComp: The Entrepreneurship Competence Framework*. Luxembourg: Publications Office of the European Union. DOI: <https://doi.org/10.2788/294665>.
4. Bekbauov, B. (2021). Practice-based learning in Kazakhstani teacher training. *Eurasian Pedagogical Journal*, 7(3), 101–115.
5. Kolb, D. (2014). *Experiential learning: Experience as the source of learning and development*. Upper Saddle River, NJ: Pearson.
6. Kuratko, D. (2016). Entrepreneurial education: Toward a more integrated approach. *Journal of Small Business Management*, 54(2), 387–394. DOI: <https://doi.org/10.1111/jsbm.12189>.
7. Lackeus, M. (2020). *Entrepreneurship in education: What, why, when, how*. Stockholm: Swedish Entrepreneurship Forum.
8. Leffler, E., & Falk-Lundqvist, A. (2022). Entrepreneurial learning in teacher education. *European Journal of Teacher Education*, 45(1), 22–40. DOI: <https://doi.org/10.1080/02619768.2021.1933450>.
9. OECD. (2020). *Entrepreneurial learning and teacher education: Policy insights*. Paris: OECD Publishing.
10. Sánchez, J., Guerrero, M., & Urbano, D. (2020). Entrepreneurship education in teacher training: Global perspectives. *Education + Training*, 62(4), 456–474. DOI: <https://doi.org/10.1108/ET-12-2019-0285>.
11. Liu, Y., & Zhang, L. (2023). Case-based learning in teacher education: Enhancing reflective and entrepreneurial thinking. *Teaching and Teacher Education*, 127, 104070. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.tate.2023.104070>.

12. Park, S., & Lee, J. (2022). Developing entrepreneurial mindset among pre-service teachers: A case study approach. *Journal of Education for Teaching*, 48(5), 678–694. DOI: <https://doi.org/10.1080/02607476.2022.2067112>.
13. Zhou, M., & Kim, H. (2021). Active learning for innovation: Integrating entrepreneurial education into pedagogy. *International Review of Education*, 67(3), 411–430. DOI: <https://doi.org/10.1007/s11159-021-09912-5>.
14. Rahman, F., & Noor, H. (2024). Experiential models in pre-service teacher entrepreneurship training. *International Journal of Educational Research Open*, 8, 100318. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ijedro.2024.100318>.
15. Turan, M., & Karakus, M. (2022). The impact of project-based case learning on innovation and entrepreneurship in teacher education. *Education Sciences*, 12(7), 474. DOI: <https://doi.org/10.3390/educsci12070474>.

ТАМАБАЕВА М.К.¹, АБИЛЬДИНА С.К.^{2*}

^{1,2} «Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ» КеАҚ,
Қарағанды, Қазақстан Республикасы
*e-mail: mendigul_0879@mail.ru

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛАУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Аңдампа

Мәселе Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаһандық өзгерістер жағдайында инклюзивті білім беру ортасында тиімді жұмыс істей алатын және оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге қабілетті педагогтерді даярлау қажеттілігі артып отыр. Зерттеу мәселесі бастауыш сынып мұғалімі мамандығына даярланып жатқан болашақ педагогтердің инклюзия қағидаттарын жүзеге асыру мен инновациялық қызметке жеткілікті дайын еместігінде болып табылады. Бұл жағдай тиімді шетелдік тәжірибелерді зерттеу мен оларды отандық білім беру жүйесіне бейімдеуді қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық қызметке даярлау бойынша халықаралық тәжірибені талдау және оны Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беру жүйесінде қолданудың тиімді бағыттарын айқындау.

Әдістері: Зерттеу ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы талдау, сондай-ақ алынған деректерді жинақтау мен жүйелеу тәсілдерін қамтиды. Эмпирикалық база ретінде ЮНЕСКО, ЭЫДҰ (OECD), Арнайы және инклюзивті білім беру жөніндегі Еуропалық агенттік (European Agency for Special Needs and Inclusive Education), Erasmus+ бағдарламаларының материалдары, сондай-ақ Канада, АҚШ, Финляндия, Аустралия, Жаңа Зеландия және Еуропалық Одақ елдерінің жетекші педагогикалық университеттерінің оқу жоспарлары пайдаланылды.

Нәтижелер: Зерттеу нәтижелері педагогтарды даярлаудағы негізгі үрдістер ретінде жобалық және пәнаралық оқытуды дамыту, инклюзивті құндылықтарды білім беру бағдарламаларына кіріктіру, цифрлық технологияларды пайдалану және көшбасшылық құзыреттерді қалыптастыру бағыттарын айқындады.

Қорытынды: Зерттеу қорытындылары Қазақстандағы педагогтерді даярлау жүйесінде теориялық, тәжірибелік және зерттеушілік құрамдастарды қамтитын кешенді тәсілді қолдану қажеттілігін дәлелдейді. Сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және педагогикалық жоғары оқу орындарында инновациялық-инклюзивті орталықтар құрудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйінді сөздер: Инклюзивті білім беру, мұғалімдерді даярлау, халықаралық тәжірибе, инновациялық қызмет, бастауыш білім беру, жобалық оқыту.

ТАМАБАЕВА М.К.¹, АБИЛЬДИНА С.К.^{2}*

*^{1,2} НАО «КарНИУ имени академика Е.А. Букетова»,
г. Караганда, Республика Казахстан
e-mail: mendigul_0879@mail.ru

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ИНКЛЮЗИВНОЙ СРЕДЕ

Аннотация

Проблема: В условиях глобальных изменений в системе образования возрастает необходимость подготовки педагогов, способных эффективно работать в инклюзивной образовательной среде и внедрять инновационные методы обучения. Проблема исследования заключается в недостаточной готовности будущих учителей начальных классов к реализации принципов инклюзии и инновационной деятельности, что требует изучения и адаптации эффективных зарубежных практик.

Цель исследования – анализ международного опыта подготовки будущих учителей начальных классов к инновационной деятельности в условиях инклюзивного образования и определение направлений его применения в системе педагогического образования Республики Казахстан.

Методы: Методы исследования включали анализ научной литературы, сравнительно-сопоставительный метод, обобщение и систематизацию данных. Эмпирическую базу составили материалы ЮНЕСКО, ОЭСР, European Agency for Special Needs and Inclusive Education, программы Erasmus+, а также учебные планы ведущих педагогических университетов Канады, США, Финляндии, Австралии, Новой Зеландии и стран Европейского Союза.

Результаты: Результаты показали, что ключевыми тенденциями подготовки педагогов являются развитие проектного и междисциплинарного обучения, интеграция инклюзивных ценностей в образовательные программы, использование цифровых технологий и формирование лидерских компетенций.

Вывод: Выводы исследования подтверждают необходимость комплексного подхода к подготовке педагогов в Казахстане, включающего теоретическую, практическую и исследовательскую составляющие, а также расширение международного сотрудничества и создание инновационно-инклюзивных центров в педагогических вузах.

Ключевые слова: инклюзивное образование, подготовка учителей, международный опыт, инновационная деятельность, начальное образование, проектное обучение.

ТАМАБАЕВА М.К.¹, АБИЛЬДИНА С.К.^{2}*

*NLC «Buketov Karaganda National Research University»,
Karaganda, Republic of Kazakhstan
e-mail: mendigul_0879@mail.ru

INTERNATIONAL EXPERIENCE IN PREPARING PRIMARY SCHOOL TEACHERS FOR INNOVATIVE ACTIVITIES IN AN INCLUSIVE ENVIRONMENT

Abstract

Problem: In the context of global educational transformations, the need to train teachers capable of effectively working in inclusive learning environments and implementing innovative teaching methods is becoming increasingly important. The research problem lies in the insufficient readiness

of future primary school teachers to implement the principles of inclusion and innovation, which necessitates the study and adaptation of effective international practices.

The purpose of this study is to analyze international experience in preparing future primary school teachers for innovative activities in inclusive education and to identify directions for its application within the teacher education system of the Republic of Kazakhstan.

Methods: The research methods included analysis of scientific literature, comparative analysis, generalization, and systematization. The empirical base consisted of materials from UNESCO, OECD, the European Agency for Special Needs and Inclusive Education, Erasmus+ programs, and curricula of leading teacher training universities in Canada, the USA, Finland, Australia, New Zealand, and EU countries.

Results: The results revealed key trends in teacher training, including the development of project-based and interdisciplinary learning, the integration of inclusive values into curricula, the use of digital technologies, and the formation of leadership competencies.

Conclusion: The study concludes that an integrated approach to teacher education in Kazakhstan is required, combining theoretical, practical, and research components, expanding international cooperation, and establishing inclusive innovation centers in pedagogical universities.

Key words: inclusive education; teacher training; international experience, innovative activity, primary education, project-based learning.

Кіріспе

Қазіргі кезеңдегі әлемдік білім берудің дамуы барлық білім алушыларға жеке ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайына, әлеуметтік немесе мәдени мәртебесіне қарамастан тең мүмкіндіктер ұсынатын инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталғандығымен сипатталады.

Осы жағдайда әртүрлі білім алушылар тобымен тиімді жұмыс істей алатын, инновациялық тәсілдерді жүзеге асыруға қабілетті педагогтерді даярлау ерекше маңызға ие болып отыр. Әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдерінің инклюзивті орта жағдайында қызмет етуге даярлығы маңызды, себебі дәл осы білім беру деңгейінде баланың академиялық жетістігіне, әлеуметтік бейімделуіне және тұлғалық дамуына негіз қаланады.

Инновациялық оқыту әдістерін тиімді қолдана отырып, теңдік, сыйластық және толеранттылық құндылықтарын насихаттай алатын педагогтерді даярлау-қазіргі заманғы педагогикалық білім берудің басым бағыттарының бірі болып табылады [1; 2].

Инклюзивті білім беру ортасында мұғалімдерді инновациялық қызметке даярлау мәселесі ресейлік және шетелдік педагогикалық зерттеулерде кеңінен қарастырылған. Ғалымдар бұл тақырыптың түрлі қырларын зерттеген: педагогтің кәсіби құзыреттерін дамыту (А.К.Маркова, В. А. Слостенин), инклюзивті мәдениетті қалыптастыру (Т. М. Шамова, Л.С.Выготский), инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу (В. П. Беспалько, П.Г. Щедровицкий) [3; 4]. Шетелдік зерттеушілердің (М. Fullan, А. Hargreaves, Т. Booth, М. Ainscow) еңбектерінде педагогтерді даярлау жүйесіне инновациялық стратегияларды кіріктіру және олардың инклюзивті өзара іс-қимылға дайындықтарын қалыптастыру мәселелеріне баса назар аударылады [5; 6].

Теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жинақталған материалдардың ауқымды болуына қарамастан, инклюзивті білім беру контекстінде бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық даярлығын кешенді қалыптастыру мәселесі жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұл жағдай зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Соңғы жылдары педагогтерді инклюзивті оқыту жағдайында жұмыс істеуге даярлау саласындағы халықаралық үрдістер мен озық тәжірибелерді талдауға ерекше назар аударылуда. Финляндия, Канада, АҚШ, Аустралия және Еуропалық Одақ елдерінде инновациялық және инклюзивті компоненттер өзара толықтыратын біртұтас педагогикалық даярлық жүйелері қалыптасқан [7].

ЮНЕСКО, ЭЫДҰ (OECD), Арнайы және инклюзивті білім беру мәселелері жөніндегі Еуропалық агенттік, сондай-ақ Erasmus+ және Tuning бағдарламалары аясында жүргізілген зерттеулер жобалық қызметті, пәнаралық тәсілдерді, тәжірибеге бағытталған оқытуды және көшбасшылық құзыреттерді дамытуды қамтитын педагогтарды даярлаудың тиімді үлгілерін көрсетеді [8;9]. Аталған тәсілдер мұғалімдердің әртүрлілікке негізделген білім беру ортасында тиімді жұмыс істеуге жоғары деңгейде дайын болуын қамтамасыз етеді және педагогикалық тәжірибеге инновацияларды енгізудің берік негізін қалайды. Осы зерттеудің мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық қызметке даярлау жөніндегі халықаралық тәжірибені талдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру үшін бейімдеуге болатын тиімді үлгілер мен стратегияларды айқындау болып табылады. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы оның нәтижелері педагогтерді даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін дамытуға, инклюзивті ортада инновациялық өзгерістерді жүзеге асыруға кәсіби даярлықты қалыптастыруға, сондай-ақ халықаралық үрдістер мен ұлттық қажеттіліктерді ескере отырып, педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жаңғыртудың негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік беретінімен сипатталады.

Әдістер мен материалдар

Өткізілген зерттеуде теориялық және эмпириялық әдістерді біріктіретін кешенді тәсіл пайдаланылды. Әдіснамалық базаның негізін жүйелілік, ғылыми объективтілік, салыстырмалы талдау және пәнаралық тәсіл принциптерін құрастырдық. Әдістердің пайдаланылған деректері бастауыш сынып мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайында инновациялық қызметке деген халықаралық тәжірибесін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Теорияны талдау мақсатында қолданылған әдістер:

Ғылыми әдебиетті талдау-инклюзивті білім беру, педагогикалық инновациялар, мұғалімдердің дайындығы, сондай-ақ түрлі елдердегі нормативті-құқықтық құжаттар, педагогтарды даярлау бағдарламалары сияқты сұрақтар бойынша қазіргі отандық және шетел зерттеулерін зерделеу.

Салыстырмалы талдау -Канада, АҚШ, Финляндия, Жаңа Зеландия және Еуропалық Одақ мемлекеттері сияқты елдерде мұғалімдерді даярлау ерекшеліктерін білуге, қазақстандық білім беру жүйесі жағдайында олардың әлді жақтарын және оларды пайдалану мүмкіндіктерін анықтауға көмектесті. .

Қорытындылау және жүйелеу -болашақ педагогтарды дайындаудың жалпы тенденцияларын, тиімді моделдері мен стратегияларын, сондай-ақ даярлау үшін қорытындылар мен ұсыныстарын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық негізін халықаралық ұйымдардың (БҰҰБҒЖМҰ, OECD, European Agency for Special Needs and Inclusive Education) ресми есептері, Erasmus+ бағдарламаларының аналитикалық материалдары, сондай-ақ зерттелетін елдердің жетекші педагогикалық университеттерінің сайттарында орналастырылған педагогтарды даярлаудың оқу жоспарлары мен модулдері құрады.

Елдердің таңдауы олардың инклюзивті білім беру саласындағы тұрақты нәтижелеріне, білім беру сапасының халықаралық рейтингтеріндегі жоғары позицияларына және мұғалімдерді даярлаудың пайдаланылатын инновациялық бағдарламаларының болуына байланысты.

Таңдау нәтижелері қазақстандық мән-мәтіннің ерекшелігін ескере отырып түсіндірілді, бұл отандық педагогикалық білім беру жүйесін трансформациялаудың әлеуетті бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Еуропалық Одақ елдерінде педагогтарды даярлау тәсілдері

Еуропалық Одақ елдерінде болашақ мұғалімдерді даярлау барысында білім беру процесіне инклюзивті мәдениетті дамыту және инновацияларды енгізуге бағытталған, тұрақты кәсіби білім беру жүйесін құру көзделген. Еуропалық комиссия және Еуропалық агенттік арнайы және инклюзивті білім беру сұрақтары бойынша, теориялық және практикалық дайындықтың бірігуінің маңыздылығын, сондай-ақ педагогтардың кәсіби дамуының қажеттілігін атап өтеді [10]. Ұлыбритания, Германия және Швеция сияқты елдерде басты назар педагогтардың «өзгерістер агенті» сияқты дамуына аударылады. Оқыту бағдарламаларына инклюзивті білім беру, оқытудың креативті әдістері, даму психологиясы және көп мәдениетті ортадағы өзара әрекеттесу курстары кіреді. Мысалы, Ұлыбританияда мұғалімдерді оқыту курстарында мұғалімдердің практикалық қызметіне белсенді енгізілетін оқытудың инклюзивті, ал Германия мен Швецияда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің психологтармен және басқада мамандармен ынтымақтастығын қамтитын тәсіл қолданылатын әртүрлі сыныптар жағдайында барлық білім алушыларды оқытуға назар аударылады.

Практикалық іс-әрекетте мұғалімдер әртүрлі әдістерді қолданады, мысалы, кейс-стади, рөлдік ойындар, мектеп тәжірибесіндегі жағдайларды талдау, бұл педагогикалық шешімдер қабылдауда сыни ойлау мен икемділікті дамытуға ықпал етеді. Мысалға, Германияда еңбек жолын жаңадан бастаған педагогтарды инклюзивті оқытуға және инновациялық технологияларды енгізу істерін бейімдеуге «педагогикалық менторларды», тәжірибелі мұғалімдерді тарту практикасы бар [11].

Оқытуды практика арқылы қамтамасыз ететін практикалық тағылымдамалар және студенттердің білім беру инновациялық жобаларға қатысуы ерекше орын алады. Бұл болашақ мұғалімдерге жаңа әдістерді ғана емес, сонымен қатар инклюзивті білім берудің нақты жағдайында жұмыс істеуге арналған құралдарды игеруге мүмкіндік береді.

Финляндия тәжірибесі

Финляндия оқушылардың тұлғалық дамуына және педагогтардың жоғары біліктілігіне бағдарлануының арқасында білім беру саласында танылған көшбасшы болып табылады. Бұл елде мұғалімдерді даярлау процесіне инновациялық әдістемелер және инклюзивті білім беру міндетті курстары, жобалық қызметтер және ғылыми-зерттеушілік жұмыстар кіреді [12].

Финляндия педагогикалық университеттері студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытуға, шешімдерді өз бетінше іздеуге және икемді әдістерді қолдануға бағытталған. Инклюзия жұмыстың жеке түрі ретінде емес, білім беру тәжірибесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Маңыздысы, Финляндия инклюзивті көшбасшылық тұжырымдамасын қолданады, бұл мұғалім тек тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар оқу процесін әр оқушының қажеттіліктеріне қарамастан жетістікке жету мүмкіндігі болатындай етіп басқаратын көшбасшы.

Педагогтарды даярлаудың финдық моделіне оқытудың түрлі әдістерін қолдану кіреді. Бұл топтарда инклюзиямен байланысты тәжірибелі тәлімгерлердің басқаруымен студенттердің зерттеулеріне негізделген шешуге ұсынылатын міндеттер, коучинг моделдерін және қолдау моделдерін қолдану болуы мүмкін. Финляндияда жоғары оқу орындарындағы даярлық сонымен қатар білім беру мекемелерімен, оның ішінде студенттер міндетті тағылымдамадан өтетін инклюзивті білім беретін мектептермен ынтымақтастықты қамтиды. Сондай-ақ, педагогтарды даярлау кезінде болашақ мұғалімдердің мүмкіндігі шектеулі (МШ) және әртүрлі этномәдени топтағы балалармен жұмыс істеуге психологиялық дайындығын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Мысалға, «Инклюзивті білім беру психологиясы» курсы мүгедектіктің әртүрлі түрлері бар балалармен жұмыс істедінің психологиялық аспектілерін қамтиды, бұл олардың қажеттіліктерін тереңірек түсінуге және жұмыс процесінде білім беру тәсілдерін түзетуге ықпал етеді.

АҚШ-та педагогтарды даярлау жүйесі

Америка Құрама Штаттарында мұғалімдерді даярлау жүйесіне инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби жұмыс дағдыларын игеруге бағытталған арнайы курстарды оқу кіреді. Ерекше қажеттіліктері бар балалар оқытылатын білім беру мекемелерінде практикадан өту маңызды рөл атқарады. Тағылымдамалар мен теориялық курстар шеңберінде болашақ педагогтар оқыту мазмұнын бейімдеу әдістерін, жеке тәсілдер стратегияларын, сондай-ақ ата-аналармен және мектептің басқа мамандарымен өзара іс-қимылды меңгереді [13].

Педагогтарды даярлаудың америкалық жүйесінің ерекшелігі, болашақ мұғалімдер инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және сынақтан өткізуге қатыстыру мақсатында, студенттерді университет зертханаларының қызметіне және инклюзивті білім беру орталықтарына белсенді түрде тарту болып табылады. Мысалға, көптеген университеттерде студенттер ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу ойындарын әзірлейтін немесе инклюзивті білім беруді қолдайтын технологиялық платформалар жасау бойынша жобалар өткізеді. Педагогтарды даярлаудың америкалық жүйесінің ерекше түрі біріктіріп оқыту технологиясын (co-teaching) қолдану болып табылады, мұнда бір оқытушы білім беру процесіне жауап береді, ал екіншісі ерекше қажеттіліктері бар балаларға жеке қолдау жүргізеді. Мұндай тәсіл мұғалімге және балаларға ынтымақтастық және қолдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ, АҚШ университеттері барлық оқушылардың, соның ішінде әртүрлі физикалық, когнитивті және эмоционалдық қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретін сараланған және әмбебап оқыту дизайны (UDL) әдістерін белсенді қолданады [14].

Канада. Пәнаралық тәсіл тәжірибесі

Канадада болашақ мұғалімдерді даярлау, психологтар, әлеуметтік педагогтар, логопедтер және басқа да мамандар сияқты байланысты кәсіптер өкілдерімен ынтымақтастықты қарастыратын, пәнаралық тәсілге сүйенеді. Білім беру процесі ұйымының мұндай моделі, барлық оқушылар үшін бейімделгіш, ашық оқу ортасын қалыптастыруға ықпал ететін, түрлі ғылыми бағыттар мен тәжірибелердің синтезін қамтамасыз етеді [15].

Канадалық білім беру жүйесінде мамандар арасындағы ынтымақтастық табысты аспект болып табылады. Мамандарды кәсіби даярлау бағдарламаларына тек педагогика курстар ғана емес, сонымен қатар басқа да кәсіби мамандармен командада жұмыс жасау біліктері кіреді. Студенттер психологтармен, әлеуметтік қызметкерлермен және логопедтермен өзара әрекеттесіп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге жан-жақты және мақсатты қолдау көрсетеді.

Канадада педагогтарды даярлаудың маңызды элементі жобалық тәсілді қолдану болып табылады, мұнда студенттер инклюзивті мектептерде туындайтын өзекті мәселелерді шешуге жобаға бағытталған тапсырмаларды әзірлеуге қатысады. Оқытудың бұл түрі педагогтарда талдау, шығармашылық тәсіл және педагогикалық практикада инновациялық шешімдерді өз бетінше әзірлеу дағдыларын дамытады [16].

Бұл елде басты назар оқу материалын саралауға аударылады, бұл дегеніміз білім алушылардың түрлі қажеттіліктеріне бейімделген оқу материалдарын құруды болжайды. Канадада бағалау әдісі белсенді қолданылады, ол әр оқушының жеке қажеттіліктерін, сондай-ақ олардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді, бұл тиімді оқуға ықпал етеді.

Аустралия мен Жаңа Зеландия тәжірибесі

Аустралия мен Жаңа Зеландияда болашақ педагогтардың құзыреттерін инклюзивті білім беру ортасын педагогикалық кадрларды даярлау әртүрлілік, толеранттылық және әлеуметтік жауапкершілік мәдениеті саласында білім беру арқылы қалыптастыруға басым назар аударылады. Бұл елдерде педагогтарды даярлау бағдарламаларына түрлі этникалық және әлеуметтік топ балаларымен инклюзивті оқыту және заманауи білім беру технологияларын пайдалану барысында міндетті модулдер кіреді [17].

Сондай-ақ, басты назар болашақ педагогтардың аз қамтылған балалармен, аборигендермен және мигранттармен жұмыс істеуін қамтитын элеуметтік жауапкершілігін дамытуға аударылады. Мысалға, Жаңа Зеландияда педагогтар абориген маорилармен жұмыс барысында арнайы даярлықтан өтеді, бұл дегеніміз тек инклюзивті ортаны ғана дамытып қана қоймай, сонымен қатар түрлі халықтар ұрпағының мәдени байланысын нағайтуға ықпал етеді.

Аустралияда педагогикалық жоғары оқу орындарындағы даярлыққа, белсенді түрде студенттер тартылатын, инклюзивті ғылыми-практикалық жобалар кіреді. Жобалар аясында болашақ мұғалімдер цифрлық құралдарды қоса отыра, мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктеріне бейімделген заманауи педагогикалық шешімдерді, сондай-ақ инклюзияның сәйкестенген қағидаларына сәйкес жаңа әдістерді әзірлейді және тестілейді.

Айта кету керек, бұл елдердегі педагогика факультеттерінің студенттері инклюзивті құндылықтарды жаһандық ауқымда таратуға бағытталған халықаралық жобалар мен бастамаларға қатысуға мүмкіндік алады. Мұндай жобалар мен бастамаларға қатысу әріптестермен тәжірибе алмасуға және оқыту практикасына озат технологияларды әрі қарай енгізуге ықпал етеді.

Халықаралық жобалар және бастамалар

Халықаралық тәжірибені қалыптастыру кезінде БҰҰБҒЖМҰ, ЭЫДҰ және Еуропалық комиссия сияқты халықаралық ұйымдардың қолдауымен жүзеге асырылатын білім беру жобалары мен бастамалары үлкен рөл атқаратынын атап өткен жөн. Білім беру мекемелерінде инклюзияға және олардың дамуына бағдарламаларды дайындау үшін әлемнің көптеген елдерінде кеңінен танымал «Index for Inclusion» жобасы осыған мысалдардың бірі болып табылады [6].

Бұл жобаға оқу мекемелерінің инклюзивтілік деңгейін талдау үшін тек құралдар ғана емес, сондай-ақ инновациялық тәжірибелер мен технологияларды енгізу бойынша ұсыныстар кіреді.

Еуропа елдерінде студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қолдайтын Erasmus+ бағдарламасы білім беру тәжірибесімен алмасатын маңызды механизм болып табылады. Осы бағдарламаға байланысты заманауи педагогикалық практикалар мен инновацияларға қолжетімділік кеңейеді. Сонымен қатар, еуропалық арнайы және инклюзивті білім беру агенттігі сияқты халықаралық желілерге қатысу университеттерге бірлескен курстарды әзірлеуде және ғылыми нәтижелермен алмасуда ынтымақтастық жасауға мүмкіндік береді [18].

Қарастырылған елдердің негізгі әдістері мен тәсілдері, білім беру технологиялары мен тәжірибелері 1-кестеде ұсынылады.

Осылайша, халықаралық жобалар мен бастамалар инклюзивті тәжірибелерді дамытуға айтарлықтай әсер етеді, бұл әртүрлі елдердің мамандарына білім алмасуға және өздерінің ұлттық жүйелеріне үздік тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік береді.

Кесте 1. Қарастырылған елдердің білім беру технологиялары мен тәжірибелері

Ел/ Аймақ	Әдістемелер мен тәсілдер	Білім беру технологиялары мен тәжірибелері
Еуропалық Одақ	<ul style="list-style-type: none"> - Оқытудың инклюзивті және креативті әдістері; - Кейс-әдістер, рөлдік ойындар; - Көпмәдениетті өзара іс-қимыл; - Тәлімгерлік арқылы оқыту. 	<ul style="list-style-type: none"> - "Педагогикалық тәлімгерлер"; - Теория мен практиканың интеграциясы; - Білім беру инновациялық жобалары.
Финляндия	<ul style="list-style-type: none"> - Инклюзивті көшбасшылық; 	<ul style="list-style-type: none"> - Тәжірибеге бағытталған оқыту;

	<ul style="list-style-type: none"> - Коучинг моделдері; - Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуге психологиялық дайындық; - Зерттеу тәсілі; 	<ul style="list-style-type: none"> - Инклюзивті мектептердегі тағылымдамалар; - Жеке білім беру сапарлары.
АҚШ	<ul style="list-style-type: none"> - Бірлескен оқыту (co-teaching); - Сараланған және әмбебап оқыту дизайны (UDL); - Тәжірибеге бағытталған тәсіл. 	<ul style="list-style-type: none"> - Университеттің инклюзивті білім беру зертханалары; - Цифрлық және ойын оқыту платформаларын әзірлеу; - UDL технологиялары.
Канада	<ul style="list-style-type: none"> - Пәнаралық тәсіл; - Психологтармен, логопедтермен, әлеуметтік қызметкерлермен топтық жұмыс; - Сыни тұрғыдан ойлау; - Шындыққа бағдарлау. 	<ul style="list-style-type: none"> - Жобалық оқыту; - Жеке бағалау; - Оқушылардың қажеттіліктеріне материалдарды бейімдеу.
Аустралия	<ul style="list-style-type: none"> - Әртүрлі этникалық және әлеуметтік осал топтардың балаларымен жұмыс істеуге дайындық; - Мәдени сезімталдық; - Төзімділік. 	<ul style="list-style-type: none"> - Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін цифрлық технологияларды қолдану; - Инклюзивті зерттеу тәжірибелері; - Халықаралық тағылымдамалар.
Жаңа Зеландия	<ul style="list-style-type: none"> - Аборигендік мамандандыру (маори); - Мәдени мұра мән-мәтінінде оқыту; - Инклюзивтілік норма ретінде. 	<ul style="list-style-type: none"> - Мультимедиялық ресурстарды пайдалану; - Қауымдастықтармен бірлескен білім беру жобалары; - Әлеуметтік әділеттілік модулдері.

Талқылау

Халықаралық тәжірибені талдау нәтижелері көрсеткендей, инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық қызметке табысты даярлау теориялық және практикалық дайындықты, сондай-ақ зерттеушілік және көшбасшылық құзыреттерді дамытуды қамтитын кешенді тәсілге негізделеді.

